

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне жүргізгіге және ойын шатырларына қатысты, сондай-ақ Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 12 мамырдағы № 50 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссияның 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан № 1 қосымшаға сәйкес кіші қосалқы позициялар алып тасталсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына № 2 қосымшаға сәйкес кіші қосалқы позициялар енгізілсін;

в) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері № 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулыққа № 2 қосымшаның мәтіні бойынша, ЕАЭО СЭҚ ТН-ның "9403 70 000 9" деген коды ЕАЭО СЭҚ ТН-ның "9403 70 000 8" деген кодымен ауыстырылсын.

3. Кедендік декларацияны беру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 11 шешімімен бекітілген Кеден одағының "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарына сәйкестігін бағалау (растау) туралы құжатты ұсынумен қоса жүретін өнімдер (бұйымдар) тізбесінің 11-тармағында ЕАЭО СЭҚ ТН-ның "9503 00 990 0" деген коды ЕАЭО СЭҚ ТН-ның "9503 00 990" деген кодымен ауыстырылсын.

4. Кедендік декларацияны беру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 18 наурыздағы № 44 шешімімен бекітілген Кеден одағының "Жиһаз өнімінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 025/2012) талаптарына

сәйкестігін бағалау (растау) туралы құжатты ұсынумен қоса жүретін өнімдер (бұйымдар) тізбесінің мәтіні бойынша ЕАЭО СЭҚ ТН-ның "9403 70 000 9" деген коды ЕАЭО СЭҚ ТН-ның "9403 70 000 8" деген кодымен ауыстырылсын.

5. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы В. Христенко*

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 12 мамырдағы
№ 50 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қосымша өлшем бірлігі
----------------	------------------	-----------------------

9403 70 000 9 ---- өзге -

9503 00 990 0 ---- өзгелер дана

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 12 мамырдағы
№ 50 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН Коды	Позицияның атауы	Қосымша өлшем бірлігі
----------------	------------------	-----------------------

-- өзге: * -

--- жиналмалы металл каркасы бар,
тоқыма материалдан ұстап тұратын
құрылғымен жабдықталған, баланың
аяқтарына арналған екі ойығы бар,
жиһаз доңғалақтары бар жүргізгі:

9403 70 000 2 ----- массасы 15 кг-дан аспайтын балалар үшін -

9403 70 000 3 ----- өзге -

9403 70 000 8 ----- өзге -

9503 00 990 ----- өзге:

9503 00 990 1 ----- үй-жайларда немесе ашық ауада балалар дана

пайдаланатын, жануарлар, мультипликация-
лық кейіпкерлер, көлік құралдары,
геометриялық пішіндер (мысалы, пирамида,
конус, куб, қиық пирамида) түріндегі,
пластмасса немесе металл (түтікті немесе
серіппелі) каркасы бар, тоқыма материалдан
тұратын, биіктігі 120 см-ден жоғары емес, ені
185 см-ден артық емес, ұзындығы 185 см-ден
артық емес ойынға арналған шатырлар

9503 00 990 9 ----- өзге дана

* ЕАЭО СЭҚ ТН-ның 9403 70 000 1 кіші қосалқы позициясынан кейінгі кодсыз кіші
қосалқы позиция

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 12 мамырдағы
№ 50 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің
кедендік әкелу баждарының
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ**

СЭҚ ТН Коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі (кедендік құнынан пайызда, не еуромен, не АҚШ долларымен)
----------------	------------------	--

9403 70 000 2 ---- массасы 15 кг-дан артық емес 15, бірақ 1 кг үшін
0,523 балаларға арналған еуродан кем емес

9403 70 000 3 ---- өзге 15, бірақ 1 кг үшін 0,523
евродан кем емес

9403 70 000 8 --- өзге 15, бірақ 1 кг үшін 0,523
евродан кем емес

9503 00 990 1 ---- үй-жайларда немесе ашық ауада 11,3
балалар пайдаланатын, жануарлар,
мультипликациялық кейіпкерлер,
көлік құралдары, геометриялық
пішіндер (мысалы, пирамида, конус,

куб, қиық пирамида) түріндегі,
пластмасса немесе металл (түтікті
немесе серіппелі) каркасы бар, тоқыма
материалдан тұратын, биіктігі 120 см-ден
жоғары емес, ені 185 см-ден артық емес,
ұзындығы 185 см-ден артық емес
ойынға арналған шатырлар
9503 00 990 9 ---- өзге 11,3